

## **Сақтандырылуши үшін автомобиль көлігін сақтандыру шарттары (КАСКО)**

Мен, \_\_\_\_\_ (ТАӘ) «Еуразиялық банк» АҚ алынған Қарыз арқылы сатып алғынған көлік құралын сақтандырудың осы шарттарымен (бұдан әрі мәтін бойынша «Сақтандыру шарттары») танысқанымды растаймын, Сақтандыру шарттарының көшірмесін алдын және оларды сақтауга міндеттенемін, олай болмаган жағдайда осы Сақтандыру шарттарын бұзғаны үшін «Еуразиялық банк» АҚ-ның залалдарын өтеуге міндеттенемін.

**Осы арқылы көлік құралын сақтандыру шарттары маған түсінікті екенін және көлік құралының зақымдануы/жоғалуы/жойылуы мынадай оқиғалар басталған кезде сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін екенін растаймын:** мынадай оқиғалар нәтижесінде автомобиль көлігінің (қосымша жабдықтың) жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы:

- 1) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** автомобиль көлігінің жол бойында жүрісінде және оның қатысуымен туындаған, бұл кезде басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, қозғалатын немесе жылжымайтын заттарды (құрылыштар, кедергілер, құстар, жануарлар және т. б.) қағу (соқтығысу), аударылу, су басу, сондай-ақ оған қандай да бір заттың құлауы орын алған оқиға;
- 2) **үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері:** автомобиль көлігін айдал әкету, қарақшылық, тонау, ұрлау және айдал әкетумен, қарақшылықпен, тонаумен, ұрлықпен не айдал әкету, қарақшылық, тонау, ұрлау әрекеттерімен байланысты жоу не бұлдіру;
- 3) **дүлей апаттар<sup>1</sup>:** дауыл, теңіз дауылы, құйын, бұршақ, найзағайдың түсүі, жер сілкінісі, таудың опырылуы, көшкін; жанартаудың атылуы, торнадо, тайфун, цunami;
- 4) **өзге де күтпеген оқиғалар:** ерт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбыры, жылыту немесе көріз жүйелерінің зақымдануы.

Төменде көрсетілген оқиғалар басталған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынын түсінетінді және келісетінді растаймын:

**Сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы автомобиль көлігі жоғалған (жойылған) немесе бүлінген кезде мынадай фактілер болған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**

- 1) соғыс; басып кіру; шетелдік мемлекеттердің қастандық әрекеттері; әскери және соған ұқсас операциялар (соғыстың басталғаны туралы жариялануына немесе жарияланбауына байланыссыз) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүліктер; көтерілістер; локауттар; халық көтерілісі дәрежесіне жеткен немесе ауқымы арта түсken азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; төңкерістер; әскери басқыншылық немесе билікті заңсыз басып алу; тәркілеу; иеліктен айыру немесе мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру; лаңкестік акциялар<sup>2</sup>;
- 3) радиоактивтік сәуле шығару немесе атом отынын жағудан радиоактивтік отынмен немесе радиоактивтік қалдықтармен ластау;
- 4) Сақтанушының немесе Сақтандырылушиның немесе автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген өзге де тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері;
- 5) Сақтандырылушилар автомобиль көлігін алкогольдік, уытқұмарлық немесе есірткілік масаң қүйде немесе масандық пен сақтандыру жағдайы арасында себеп-салдарлық байланыстың бар-жоғына қарамастан, автомобиль көлігін басқару кезінде қолдануға болмайтын дәрі-дәрмектік препараттардың әсерінде басқарса;

<sup>1</sup> «Дүлей апат» - салдарынан төтенше жағдай туындаған апат.

<sup>2</sup> «Лаңкестік акция» - терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және террористік сипаттагы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы.

- 6) тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға автомобиль көлігін басқару немесе беру;
- 7) осы Шартта Сақтандырылуши ретінде көрсетілмеген тұлға автомобиль көлігін жүргізген кезде;
- 8) автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оку мақсаттарында пайдалану;
- 9) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе осы Шартта көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдалану;
- 10) автомобиль көлігін Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
- 11) Сақтандырылуши автомобиль көлігін (Көлік құралдарын) пайдалану, оның ішінде техникалық ақаулы автомобиль көлігін, белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген автомобиль көлігін пайдалану қағидаларын бұзған, сондай-ақ өrt қауіпсіздігі қағидаларын, өrt қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, жүктөрді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (жол жүрісі қағидаларына сәйкес) бұзу;
- 12) сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі басталған кезде;
- 13) осы Шартта сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиға;
- 14) ЖКО орнын қалдыру жәбірленушіге медициналық көмек көрсету қажеттілігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылуши ЖКО орнын автомобиль көлігінде немесе онсыз қалдырған кезде, мақсатына, ниетіне, себептері мен жағдайларына қарамастан, ол үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуына немесе тартылмауына қарамастан;
- 15) тозуды, тотты, коррозияны, зенді, саңырауқұлақты, дымқыл немесе құрғақ шіруді, біртіндеп нашарлауды, латентті ақауларды, баяу дамитын деформацияны немесе бұрмалануды, жәндіктер қалдықтарын, кез келген түрдегі паразиттердің/микробтардың әрекеттерін және кеміргіштерді, зауыттық жарамсыздықтарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, біртіндеп әсер ететін себептер;
- 16) шатырдан немесе люктерден ағу (егер болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде шатыр немесе люктер закымдалмаса) немесе шыныларды ашық қалдыру;
- 17) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателіктер мен есеппен жаңылысулар;
- 18) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей одан кейін автомобиль көлігінің бөліктерін ұрлау немесе талан-таражға салу жағдайларында жүргізіледі. Егер автомобиль көлігінің бөліктерін ұрлау немесе талан-таражға салу тікелей сақтандыру жағдайы болып табылмаса;
- 19) электр және өзге де жабдықтардың, оның ішінде электр сымдарының тұйықталуы салдарынан автомобиль көлігінің ақаулығы нәтижесінде туындаған өрт;
- 20) сақтандырылған автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау кезіндегі закымдану/жойылу;
- 21) автомобиль көлігінің қозғалтқышын жылыту үшін ашық от көздерін пайдалану;
- 22) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей оның алдында автомобиль көлігіндегі жолаушылардың жалпы саны автомобиль көлігінің осы моделі үшін белгіленген ең жоғары мөлшерден асып кеткен және/немесе автомобиль көлігін тиедің шекті нормаларынан асып кеткен кез келген себеп бойынша;
- 23) сақтандырылған автомобиль көлігін онда қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлікпен және т. б.) және/немесе оның кілттерімен бірге ұрлау (айдап әкету);
- 24) қосымша жабдықты орнату немесе сақтандырылған көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу. Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясында (ТҚС) қосымша жабдық орнатылған жағдайда, Сақтандырылуши Сақтандырушымен осы жақсартуларды келісуге тиіс, тек осы жағдайдаған оқиға сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын болады;

- 25) сақтандырылған көлік құралының сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қолданбаған жағдайларда;
- 26) Сақтандырушы және тәуелсіз сарапшы/бағалаушы зақымданған көлік құралын қарап тексергенге дейін көлік құралына жөндеу жүргізу;
- 27) зақымдану сипаты мен оқшаулаудың мәлімделген оқиғаға сәйкес келмеуі;
- 28) Сақтандырылуши немесе өзге тұлға көлік құралын такси ретінде қызметті жүзеге асыруға жалға беруге рұқсат алған-алмаганына немесе өзге қажетті құжаттаманы ресімдегеніне қарамастан сақтандырылған көлік құралын такси ретінде пайдаланған кезде. Осы тармақ жалға беру немесе сақтандыру жағдайымен такси ретінде жұмыс істей арасындағы себепті байланыстың болуына қарамастан кез келген жағдайда қолданылады;
- 29) Бордерода көрсетілген көлік құралына қатысты жасалған КҚИ АҚЖ МС сақтандыру полисінде көрсетілген тұлғаның көлік құралын басқаруы кезінде сақтандыру жағдайы басталған күні не одан кейін, немесе егер сақтандырылған көлік құралын басқарған тұлға КҚИ АҚЖ МС сақтандыру полисіне енгізілмеген не оның сақтандырылған көлік құралын басқаруға «Еуразиялық банк» АҚ жазбаша келісімі болмаған жағдайда;
- 30) келесі жағдайларда:
- Сақтануышының/ Сақтандырылуышының/ Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты (бұдан әрі мәтін бойынша-ЖҚҚТҚ тізбесі) тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде болуы;
  - Сақтандырушының сұрау салуы бойынша Сақтануышының /Сақтандыруышының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
- 31) оқиға орнында ЖКО бойынша құжаттар жасалғаннан кейін алты сағат ішінде алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік мас болу қүйін анықтау мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпеген (сақтандыру жағдайына жол берген Сақтандырылған тұлға кез келген ЖКО кезінде осындай куәландырудан өтуге тиіс).

#### **Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:**

- 1) құралдардың жиынтығын, дәрі-дәрмек қобдишасын, өрт сөндіргішті, апаттық тоқтау белгісін, стационарлық айдан әкетуге қарсы құралдардың ұрлануымен, зақымдануымен, жойылуымен болған залалдар, егер олар дайындаушы-зауытпен орнатылған немесе қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса;
- 2) дөңгелек дисқілерінің немесе шиналарының зақымдануынан болған залалдар, егер бұл ретте аталған сақтандыру жағдайымен болған автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болмайтын болса;
- 3) тіркеу нөмірлерін ұрлаумен болған залалдар;
- 4) автомобиль көлігін пайдалану нәтижесінде оның бөлшектерінің, тораптарының және агрегаттарының сыйнуымен, тоқтап қалуымен, іsten шығуымен болған залалдар, оның ішінде агрегатдардың ішкі қуыстарына бөгде заттардың және заттектердің түсі салдарынан келтірілген залалдар;
- 5) автомобиль көлігінің, қосымша жабдықтың, багаждың табиги тозуына байланысты шығындар;
- 6) жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің жүк модификацияларын, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді сақтандыру кезінде тенттің зақымдануынан немесе ұрлануынан туындаған залалдар;
- 7) жануарлардың іс-әрекетінен және қысқа тұйықталудан туындаған залалдар;
- 8) осы Шартта көрсетілген сақтандыру оқиғасы нәтижесінде алынған сақтандырылған көлік құралының тауарлық құнын жоғалтудан болған шығындар өтелмейді.

#### **Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**

- 1) жанама және коммерциялық жоғалтулар, оның ішінде келісімшарттар (шарттар) бойынша туындаған тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтерді

көрсету) мерзімдерінің, басқа міндettемелердің бұзылуымен байланысты жоғалтулар (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері және т.б.), ұтылған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын басқа шығындар (әкімшілік айыппұлдар және басқа мемлекеттік төлемдер; жалға алынатын автомобиль көлігін (мұлкін) пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрганы үшін төлемдер; іссапар шығындары; кірістен айырылу; тоқтап тұрумен байланысты шығындар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақымданған автомобиль көлігін тасымалдау шығындары);

2) моральдық залал үшін;

3) сот шығындары үшін;

4) автомобиль көлігінің тауарлық құнын жоғалтқаны үшін.

### **Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы үақытында қамтамасыз етуді міндettіме аламын:**

- 1) автомобиль көлігін ұрлыққа қарсы дабылмен немесе менгерік дөңгелегін иммобилизациялайтын құрылғымен жабдықтауды;
- 2) автомобиль көлігін қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптар жабылып, ұрлыққа қарсы дабылды қосуды немесе менгерік дөңгелегін иммобилизациялауды;
- 3) көлік құралында көлік құралының кілтін, сондай-ақ көлік құралына арналған құжаттарды қалдырмауды;
- 4) автомобиль көлігін сақтандырудың басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауды;
- 5) осы Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны/ «Еуразиялық банк» АҚ сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуді;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар және немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуді;
- 7) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды болғызбау немесе азайту бойынша барлық ықтимал және орынды шараларды қабылдауды;
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты беруді;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуді;
- 10) бұлғынген автомобиль көлігін жөндеу жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушының екіліне автомобиль көлігін қарап тексеруге және автомобиль көлігінің дерекнамасына тиісті ақпаратты енгізу үшін барлық қажетті ақпаратты (жөндеуді растайтын құжаттарды) ұсынуды. Бұл міндettі орындау келесі сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға әкелуі мүмкін.

### **Сақтандыру жағдайы басталған кезде міндettенемін:**

- ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда барлық ақылға қонымды және қол жетімді шараларды, оның ішінде зақымданған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер Сақтандырушы нақты шаралар қабылдау туралы нұсқаулар хабарлаған болса, оларды орындау керек);
- оқиға орнында ЖКО бойынша құжаттарды жасау үақытынан алты сағат ішінде медициналық куәландырудан (сараптамадан) өту (сақтандыру жағдайына жол берген Сақтандырылған тұлға осында куәландырудан кез келген ЖКО кезінде өтуі тиіс);
- сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруді жүргізуге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгінуге, атап айтқанда:
  - а) жол полициясы органдары - автомобиль көлігінің кез келген зақымдануы жағдайында;
  - б) өртке қарсы қызмет органдары - өрт нәтижесінде туындаған зақымданулар жағдайында;
  - в) ПМ тергеу органдары - автомобиль көлігі немесе оның агрегаттары, бөлшектері, жүйелері, тораптары, құрылғылары, конструкция элементтері және (немесе) мұлкі ұрланған жағдайда;

- г) қоршаған органдың жай-күйін қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган
- тиісті аумақта дүлей зілзалалардың салдарынан автомобиль көлігі зақымданған жағдайда, дүлей зілзалалардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін;
  - оқиғаның уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдармен құжаттық ресімделуін қамтамасыз ету;
  - оқиғаны мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар, оның ішінде жол-көлік оқиғасы кезінде құжаттамалық ресімдеу кезінде жәрдем көрсету:
- а) егер оларды анықтау мүмкіндігі болса, кінелі тұлға мен куәлардың деректерін жазуды жүзеге асыруға;
- б) жол-көлік оқиғасы болған кезде жол полициясы органдары ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің барлық зақымдануларының көрсетілуін бақылауға;
- в) жол полициясы қызметкерлерінің оқиға схемасын және автомобиль көлік құралдарының жүріс бөлігінде орналасу схемасын жасау кезінде қатысуға және көмектесуге, схемамен келіспеген жағдайда оған қол қою кезінде өз пікірін көрсетуға;
- г) орын алған оқиғаның мән-жайын толық көрсете отырып, жол полициясы органдарына түсініктеме жазуға;
- д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қою кезінде жол полициясы органдары қызметкерлерінің шешімімен келіспеген жағдайда хаттамада өз пікірін жазуға.
- залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, ықтимал және ақылға қонымды шараларды қабылдау;
  - оқиға туралы белгілі болған сағаттан бастап есептегендеге мереке және демалыс күндерін қоспағанда, қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, Сақтандырушыны немесе оның өкілетті өкілін оқиға басталғаны туралы хабардар етуге, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен одан арғы іс-қимылдарды келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге;
  - бүлінген автомобиль көлігін Сақтандырушы тексергенге дейін сақтандыру оқиғасы нәтижесінде қандай күйде болса, сондай күйінде сақтауға міндетті. Сақтандырылуышы келтірілген залалдың суретін қауіпсіздік, зиянның мөлшерін азайту немесе Сақтандырушының келісімі болған жағдайдаған өзгертуге құқылы;
  - Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
  - Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиға) орнын және зақымданған автомобиль көлігін тексеру немесе тексеріп қарау, шығынның себептері мен мөлшеріне қатысты тексеру жүргізуғе, залалды азайту және сақтандырылған автомобиль көлігін құтқару бойынша іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беру;
  - Сақтандырушының мұдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамау, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамау; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамау; Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар төлемдерді жасамау және қандай да бір төлемдерді жасауға уәде бермеу;
  - Сақтандырушыға зақымданған автомобиль көлігін тексеруге кірісу мүмкіндігін беру;
  - ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде сақтандырылған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдау;
  - Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін келтірілген зиян үшін жауапты тұлғадан өтем алған жағдайда, Сақтандырушыға артық алынған соманы қайтаруды жүзеге асыру;
  - егер Сақтандырылуышы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтандырылуышының кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## **Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі күжаттарды тапсыруға міндеттенемін:**

1) жеке басын күэландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін: сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы өтініш; өтініш берушінің жеке күәлігі; сақтандыру компаниясында іс жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (занды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүдделерін білдірген жағдайда);

2) сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауга мүдделілікті дәлелдеу үшін: сақтандырылған автомобиль көлігін иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы күәлік; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізуши күәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған сәтте автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке күәлігінің көшірмесі; егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылса, жалдау шартының көшірмесі; үшінші тұлғага сақтандырылған көлік құралын басқаруға рұқсат беру үшін «Еуразиялық банк» АҚ сұрау салудың көшірмесі, меншік иесінің атынан автомобиль көлігін иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі; және т. б.)».

3) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:

**а) жол-көлік оқиғасы кезінде:**

жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға болған жерді қарап тексерудің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының, жол-көлік оқиғасына қатысушыларды медициналық күэландыру анықтамасының көшірмелері; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын жол полициясы органдары мен құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т. б.) жасаған немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

**б) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде:**

оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) қаулының көшірмелері, іс бойынша іс жүргізуі тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдан әкету не ұрлау кезінде); айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаған тұлға анықталған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (немесе егер қылмыс жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы үәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар; ал автомобиль көлігін айдан әкету немесе ұрлау кезінде ұрланған (айдан әкетілген) автомобиль көлігінің түпнұсқалы кілттерінің олар болған кезде қосымша толық жиынтықтары; сақтандырылған автомобиль көлігі бар болған жағдайда жабдықталған барлық электрондық-механикалық ұрлыққа қарсы жүйелердің басқару пульттерінін, брелоктардың, карточкалардың, белсенді және пассивті активаторларының, ұрлыққа қарсы механикалық құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтықтары;

**в) дүлей апаттар кезінде:**

гидрометеоқызметтің аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

**г) өзге де күтпеген оқиғалар кезінде:**

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің, өрт-техникалық сараптама қорытындысының, жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмелері және оған қосымша; оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын арнайы үәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге де құжаттар;

4) келтірілген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін:

мамандандырылған ТКС келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттар, сондай-ақ көрсетілген мамандандырылған ТКС жөндеуді растайтын құжаттар (оны жүргізгеннен кейін).

Сақтануши (Сақтандырылуши, Пайда алушы) автомобиль көлігін сақтаудағы мүдделілікті, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелер ұсынуға құқылы.

Сақтандырушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы етіншіті және тиісті құжаттарды алу фактісі Сақтандырушының уәкілетті қызметкерінің немесе өкілінің қолхатымен расталады.

Сақтандыру шартына және осы сақтандыру шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін өндіріп алу немесе сақтандыру жағдайын тану немесе танудан бас тарту жөніндегі талаптарды «Еуразиялық банк» АҚ және/немесе Сақтандырылуши және/немесе Пайда алушы бере алады. Сақтандырылған тұлғалар сақтандыру оқиғасы бойынша құжаттарды жинауға және ұсынуға құқылы.

Сақтандырылған көлік құралын басқаруға сенімхат және/немесе жол парағы берілген жағдайда тиісті тұлғаларды осы Сақтандыру шарттарымен таныстыруға міндеттенемін және жаңа сақтандырылған тұлғалардың осы Сақтандыру шарттарын сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенемін.

#### **Мен Сақтандыру шартымен белгіленген және төменде көрсетілгенге тең шарт қойылмайтын франшиза туралы шартты билетінімді растаймын:**

- 1) сақтандырылған көлік ішінара зақымданған жағдайда шарт қойылмайтын франшиза сақтандыру сомасының % - ын құрайды;
- 2) 1) т.т. қарамастан шарт қойылмайтын франшиза толық жойылған, немесе ұрланған, немесе айдан әкету, немесе тонау немесе қарақшылық кезінде (көлік құралы иесінің меншігінен шықкан жағдайда) сақтандыру сомасының % - ын құрайды.

Екі және одан да көп сақтандыру оқиғаларының әсер етуі нәтижесінде көлік құралы зақымданған немесе жоғалған кезде, оның бірінші болғанына, басқа оқиғалардың басталуына себеп болғанына және/немесе басқа оқиғалардың салдарынан болғанына қарамастан, болған оқиғалардың біріне сәйкес келетін ең жоғары франшиза қолданылады.

Автомобиль көлігі сақтандырылған сома маған белгілі екенін және ол мен алған қарыз сомасынан кем емес екенін растаймын (шарт бойынша Сақтануши Шарттың шарттары бойынша қолданатын келесі күнтізбелік жылға шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімін ұзарту кезінде сақтандырылған көлік құралы амортизациясы пайызының сомасын шегеруді ескере отырып).

Бордерода көрсетілген көлік құралының меншік иесі, сондай-ақ бордерода көрсетілген көлік құралына қатысты жасаған ККИ АҚЖ МС сақтандыру полисінде көрсетілген тұлғалар Сақтандырылуши болып табылатынын растаймын және келісемін, бұл ретте ККИ АҚЖ МС сақтандыру полисінде көрсетілген тұлғаларға сақтандыру арқылы қорғау күні ККИ АҚЖ МС сақтандыру полисі бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысы басталған күннен бастап, бірақ сақтандырылған көлік құралы бойынша бордероның қолданылу мерзімінен ерте емес басталады. Бұл ретте ККИ АҚЖ МС сақтандыру полисі сақтандыру жағдайы басталған күнге дейін жасалуы тиіс, кері жағдайда ККИ АҚЖ МС осындай сақтандыру полисінде көрсетілген тұлғаларға сақтандыру арқылы қорғау қолданылмайды және сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды. Және егер Сақтандырылушиның көлік жүргізу құқығы болмаса, онда осы Шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғау тек мынадай тәуекелдерге қатысты қолданылады: үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, дүлей зілзаларап және өзге де күтпеген оқиғалар.

Мен осы Шартқа қосылу туралы өзім қол қойған Отініште көрсетілген мамандандырылған ТҚС - көлік құралы ішінәра бүлінген жағдайда шарт бойынша Пайда алушы болып табылатынымен және көлік құралы толық жойылған/ұрланған жағдайда Шарт бойынша Пайда алушы «Еуразиялық банк» АҚ болып табылатынымен келісемін.

Мен осы Шарттың шарттарына сәйкес нақты зиянның мөлшері айқындалатынын растаймын:

а) автомобиль көлігі толық бүлінген, жойылған кезде - осы Шарттың қолданылу кезеңіндегі тозуды ескере отырып, пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды шегере отырып, осы Шарт бойынша («Бордеро» №1 Қосымшага сәйкес) автомобиль көлігінің сақтандыру құны мөлшерінде белгіленеді. Автомобиль көлігінің тозуын ескере отырып, оны жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалатын шығындар автомобиль көлігінің нақты құнының 80% - ынан асатын кездегі автомобиль көлігінің бүлінген жай-күйі автомобиль көлігінің толық апатқа ұшырауы (жойылуы) болып есептеледі. Зақымдану жағдайы әрбір сақтандырылған автомобиль көлігі бойынша жеке анықталады.

б) ішінәра зақымданған жағдайда-оны жөндеуге немесе қалпына келтіруге жұмсалған шығындар мөлшерінде немесе егер автомобиль көлігі жөнделмесе (қалпына келтірілмесе), құнының тиісті болігі мөлшерінде белгіленеді. Жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығындарда жөндеу үшін материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі. Жөндеуге (қалпына келтіруге) жұмсалған шығындардан жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құны шегеріледі.

Осы Сақтандыру шарттарына қол қоя отырып, Мен өз келісімімді растаймын:

- 1) Сақтандырушиның не үшінші тұлғалардың Сақтандырылушиның дербес деректерін жинауына және өндеуіне, соның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі өткенге дейін айқындейды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ тұластай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 2) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда тарату, соның ішінде мұнданың деректерді үшінші тұлғаларға беру;
- 3) Сақтандырушиның не үшінші тұлғаның Сақтанушының жалпыға қолжетімді көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылушиның, Пайда алушының мобиЛЬДІК қосымшаларында, сондай-ақ Интернет-ресурстарда, мобиЛЬДІК қосымшаларда, олардың серіктестерінің әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауына және өндеуіне;
- 4) Сақтандырушидан сақтандыру қызметтері бойынша жарнамалық өнімді қоса алғанда, кез келген нысанда (жазбаша, электрондық, смс хабарламалар және т.б.) кез келген ақпаратты алуға.

Сақтандырудың жоғарыда сипатталған шарттары осы Сақтандыру шарттарына қол қою сәтінде қолданылатындығымен және Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, мұнданың өзгерістер маған автоматты түрде қолданылатындығымен және мен Шартқа қосылу туралы өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізбей орындалатындығымен келісемін.

Осы Сақтандыру шарттарына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуша және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеуде менің сақтандыруға мүдделілігім бар екенін растаймын.

\_\_\_\_\_ (ТАӘ)  
«\_\_\_\_» 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (Колтаңба)